

 <b>NAZARBAYEV UNIVERSITY</b>	<b>«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы</b>		
	<b>Бекіткен орган:</b>	Басқарушы кеңес	
<b>«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ғылыми, оқу, технологиялық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу регламенті</b>			
<b>Бекітілген күні:</b>	19.11.2019	<b>Күшіне енгізілген күні</b>	
<b>Шешімнің/хаттаманың №:</b>	№ 19.11.19		
<b>ІНҚ сыныптауышы:</b>	1.9.2. Басқа мүлік		
<b>Бастамашы:</b>	Б. Абишева Провост офисінің басшысы		
<b>Өзара байланысты күжаттар</b>	Өзара байланысты күжаттар жоқ		

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ғылыми, оқу, технологиялық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу регламенті (бұдан әрі – Регламент) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Университет) жабдықтары бойынша Провост Офисі Инженер-техникалық қызметінің (бұдан әрі – ИТҚ) жұмыс рәсімін айқындайды.

2. Осы Регламент Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Университет жабдықтары бойынша жұмыс процесін тиімді ұйымдастыру мақсатында Университеттің және оның ұйымдарының Ғылыми саясатына сәйкес әзірленген.

3. Осы Регламентте мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **жабдық** – ғылыми зерттеулер жүргізу үшін эксперименттік, есептеу, талдау, өңдеу, сынақтан өткізу, өлшеу немесе тіркеу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін құрал немесе жүйе (келісетін бөліктерімен);

2) **пайдаланушы** – жабдықты пайдаланатын және жұмыс берушінің алдында материалдық жауапкершілік туралы шарт немесе біржолғы күжат бойынша материалдық жауапты тұлға немесе дайындаушы белгілеген оның функционалдық мақсатына сәйкес өндірістік мақсаттар үшін оның сақталуы мен жарамды жұмысы үшін тағайындалған тұлға;

3) **БӨА инженері** – жұмыстардың қажетті кешенін орындайтын ИТҚ бақылау-өлшеу аспаптарының инженері;

4) **авторландырылған ұйым** – жабдықты өндірушімен ресми әріптестік келісімі бар және тиісті жұмыстарды жүргізуге құқық беретін сертификаты бар жабдықты тікелей дайындаушы зауыт-жасаушы немесе ұйым;

5) **диагностикалау** – оның жай-күйін анықтау мақсатында, атап айтқанда ақаулар мен зақымданудың болуын тозу дәрежесін анықтау, дұрыс жұмыс істеуін, шығыс материалдарын ауыстыру қажеттігін және т.б. анықтау бойынша жабдықты қарап тексеру;

б) **жөндеу** – жабдықтың жұмыс қабілетін және/немесе оның ресурсын қалпына келтіру бойынша іс-шаралар кешені;

7) **техникалық қызмет көрсету** – өндіруші зауыттың техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес жабдықтың жұмыс қабілеттілігін сақтау бойынша жұмыстар жиынтығы;

8) **деинсталляциялау** – жабдықты бөлшектеу немесе орнын ауыстыру үшін оны пайдалану орнынан алу;

9) **инсталляциялау** – жабдықты жұмысқа толық дайындау үшін құрастыру және жинақтау бойынша қажетті жұмыстарды қамтитын пайдалану орнындағы іс-шаралар кешені;

10) **өлшеу құралдарын калибрлеу** – өлшеу құралдарының (жабдықтардың) белгіленген қолданыстағы метрологиялық мәндерін анықтау және растау;

11) **өлшеу құралдарын қарап тексеру** - өлшеу құралдарының (жабдықтардың) белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтау және растау;

12) **баптау** – оны жұмысқа қабілетті жағдайға келтіру үшін жабдықты кешенді қарап тексеру және баптау.

4. ИТҚ осы Регламентке 1– қосымшаға сәйкес нысан бойынша жабдықты пайдаланушыдан «engineeringdesk@nu.edu.kz» электрондық мекенжайына жіберілген электрондық өтінімді алғаннан кейін жабдықтар бойынша жұмыстарды орындайды.

5. ИТҚ жүзеге асыратын жабдықтар бойынша жұмыстар тізбесі:

1) диагностикалау;

2) жөндеу;

3) техникалық қызмет көрсету;

4) деинсталляциялау және инсталляциялау;

5) өлшеу құралдарын калибрлеу және салыстырып тексеру.

## 2. Жабдықты жұмысқа қабылдау

6. Жабдық бойынша өтінім берген кезде пайдаланушы ол сатып алынған шартқа сәйкес ағымдағы сәтке кепілдік кезеңі бойынша ақпаратты көрсетеді. Кепілдік кезеңі бойынша ұсынылған ақпараттың шынайылығы үшін жабдықты пайдаланушы жауапты болады.

7. Егер жабдық кепілде болса, БӨА инженері визуалды қарап тексеруді және жабдықтың қоректендіру ағытпасына кіретін сақтандырғышты тексеруді қоспағанда, диагностикалауды және жөндеуді жүргізбейді. Кепілдік қызмет көрсетуде тұрған жабдықты жөндеу қажет болған жағдайда жабдықты пайдаланушы Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және жасалған шарттың талаптарына сәйкес құрылымдық бөлімшенің бюджеті шеңберінде

жөндеуді дербес ұйымдастырады.

8. Шарттарға сәйкес кепілдіктегі жабдық бойынша өтінім келіп түскен жағдайда онда «Салынып жатқан кәсіпорын дирекциясы» жеке мекемесі тапсырыс берушінің өкілі/тапсырыс беруші болып табылса, ИТҚ визуалды қарап тексеруді және жабдықтың қоректендіру ағытпасына кіретін сақтандырғышты тексеруді ғана жүргізеді. Осындай жағдайда жабдықты пайдаланушы «Салынып жатқан кәсіпорын дирекциясы» жеке мекемесіне кепілдік кезеңі шеңберінде жабдықты жөндеуді ұйымдастыру туралы тиісті қызметтік жазбаға дербес бастамашылық жасайды.

### **3. Жабдықтың жай-күйін диагностикалау**

9. Жабдықты диагностикалау жабдық орналастырылған жерде жүргізіледі, оны жөндеу жөніндегі арнайы мамандандырылған зертханаға орын ауыстыру талап етілмейді.

10. ИТҚ жабдықты диагностикалауды жүзеге асырған кезде қажет болса заңнамаларда белгіленген нысан бойынша активтің анықталған ақаулары туралы акт жасалады.

11. Жабдықтарға диагностикалау жүргізілгеннен кейін ИТҚ мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

ИТҚ қоймасында немесе пайдаланушының қоймасында шығыс материалдар, жөндеу процесінде талап етілетін құрал-саймандар мен жабдықтар болған жағдайда жөндеуді өз күшімен жүргізу;

егер ИТҚ күшімен жабдықты одан әрі жөндеу аясы тар бағыттағы білім мен дағдылардың, сервистік құжаттамалардың жөндеу үшін құрал-саймандар мен жабдықтардың жоқтығынан мүмкін болмаған/дұрыс болмаған жағдайда авторландырылған ұйымды тарту қажеттілігі;

егер жабдықтың осы моделі өндірістен алынған болса және қосалқы бөлшектер сатылмаса немесе жабдықтың негізгі торабы (бөлшегі) қатардан шықса немесе басқа да болуы мүмкін себептермен жабдықты одан әрі жөндеу мүмкін болмаған/дұрыс болмаған жағдайда.

ИТҚ шешімі жазбаша нысанда ресімделеді.

12. Авторландырылған ұйымды шақыру қажет болған жағдайда жабдықты пайдаланушы өз бюджеті шегінде Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзінің құрылымдық бөлімшесінің атынан авторландырылған ұйыммен шарт жасауға дербес бастамашылық жасайды.

### **4. Жөндеу жүргізу үшін жабдықты ИТҚ мамандандырылған зертханасына орын ауыстыру**

13. Өтінім бойынша жұмыстарды орындау үшін ИТҚ жабдықты арнайы мамандандырылған зертханаға орын ауыстыруға құқылы. Жабдықтың орнын ауыстыру заңнамада белгіленген нысан бойынша ұзақ мерзімді активтерді ішкі орнын ауыстыруға арналған жөнелту құжатына сәйкес жүргізіледі.

14. Жабдықты мынадай жағдайларда арнайы мамандандырылған зертханаға орнын ауыстыру қажет:

1) жабдық бойынша жұмыстар жеткілікті ұзақ уақыт аралығында, сегіз сағаттан бастап одан да ұзақ уақытты алатын болса;

2) жөндеу талап етілетін жабдықтың орналасқан жеріне қолданылуы қажет арнайы мамандандырылған жабдықты жеткізу мүмкін болмағанда.

15. Мынадай жағдайларда жабдықтың арнайы мамандандырылған зертханаға орнын ауыстыру мүмкін емес:

1) егер жабдық әрдайым таза аймақта немесе осы жабдыққа арналған техникалық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес ерекше жағдайлардағы үй-жайда ұсталуы тиіс болса;

2) ИТҚ және пайдаланушының қарауы бойынша жабдықтың орнын ауыстыру, яғни егер жабдықты деинсталляциялау және кейіннен инсталляциялау жеткілікті ұзақ уақыт аралығында өтетін болса және еңбекті қажетсінетін процесс болып табылса, сондай-ақ орнын ауыстыру бойынша осы жұмыстар үшін елеулі адами ресурстарды тартуды талап ететін болса.

16. Жабдықты арнайы мамандандырылған зертханаға орнын ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, жабдықты пайдаланушы жабдық үшін жауапты болады.

## **5. Жабдықты жөндеу**

17. Пайдаланушы өтінімде көрсеткен өндірушіден ағымдағы кезеңде кепілдік кезеңінің жоқ екендігі туралы алынған ақпараттың негізінде БӨА инженері жөндеуге кіріседі.

18. Жөндеу жұмыстарын жүргізу және шығыс материалдарды ауыстыру қажеттілігі анықталған кезінде ИТҚ бар болса, оларды ауыстыруды жүзеге асырады.

19. ИТҚ-да талап етілетін шығыс материалдары болмаған кезде, сондай-ақ осындай тауарлар ИТҚ ағымдағы кезеңдегі бюджетінде көзделмеген жағдайда қажетті қосалқы бөлшектер белгіленген тәртіппен сатып алынады және жабдықты пайдаланушыға беріледі.

20. Жабдықты пайдаланушының қосалқы бөлшектерді сатып алуға бюджеттік қаражаты болмаған жағдайда және жөндеуді жүзеге асыру үшін оларды беру мүмкін болмағанда электрондық өтінім жабылады.

21. Жөндеудің аяқталуы бойынша, сақтандырғыштарды ауыстыруды қоспағанда, жабдықты қайтару осы Регламентке 2- қосымшаға сәйкес жөнделген, реконструкцияланған (жаңғыртылған) жабдықты Қабылдау-тапсыру актісі негізінде, сондай-ақ заңнамалық нысан бойынша ұзақ мерзімді активтерді ішкі ауыстыруға арналған жүкқұжат негізінде жүзеге асырылады.

## **6. Жабдыққа техникалық қызмет көрсету**

22. Жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін техникалық

құжаттамаға сәйкес шығыс материалдары пайдаланушы жабдықты алдын ала сатып алуы тиіс және ИТҚ-ға өтінім беру сәтінде бар болуы тиіс, өйткені жабдықты пайдаланушы мерзімі жабдыққа арналған техникалық құжаттамада көзделген шығыс материалдарын уақтылы ауыстыру үшін жауапты болады.

## **7. Жабдықты деинсталляциялау және инсталляциялау**

23. Жабдықтың орнын ауыстыру қажет болғанда пайдаланушы ИТҚ-ға деинсталляциялауға өтінім бере алады. ИТҚ осы өтінімге сәйкес жабдықты деинсталляциялау бойынша қажетті рәсімдерді жүргізеді. Бұдан әрі пайдаланушы жабдықтың орнын ауыстыруды дербес немесе «University Service Management» жеке мекемесіне тиеу-түсіру жұмыстарына өтінім беру жолымен техникалық құжаттамада көрсетілген және/немесе ИТҚ ұсынымдарын ескере отырып орнын ауыстыру бойынша талаптарды сақтап жүзеге асыруы тиіс. Жабдықты талап етілетін жерге орнын ауыстырғаннан кейін ИТҚ инсталляциялауды жүргізеді.

24. Жекелеген жағдайларда, ИТҚ және пайдаланушының қалауы бойынша орнын ауыстырған кезде және аясы тар бағыттағы және/немесе сертификатталған мамандар жабдықты кейіннен баптауы қажет болғанда, жабдықты пайдаланушы өз бюджеті аясында өзінің құрылымдық бөлімшесінің атынан шарт жасау үшін дербес бастамашылық жасайды.

25. Тиеу-түсіру жұмыстарын ұйымдастыру және жабдықтың орнын ауыстыру үшін пайдаланушы жауапты болады.

26. Жұмыстар кешені аяқталып, жабдық жұмыс жағдайына келтірілгеннен кейін электрондық өтінім жабылады.

## **8. Өлшеу құралдарын калибрлеу және салыстырып тексеру**

27. Қазақстан Республикасының өлшеу құралдары тізілімінде тіркелген құралдарды калибрлеу және қарап тексеру бойынша жұмыстарды лицензиясы бар ұйымдар жүргізеді. Осы жұмыстарды орындау үшін жабдықты пайдаланушы өз бюджеті аясында өзінің құрылымдық бөлімшесінің атынан шарт жасауға дербес бастамашылық жасайды.

28. Пайдаланушының сертификатталған ұйымның калибрлеу жүргізгені туралы құжатпен растау қажеттілігі болмаған жағдайда ИТҚ қажетті құрал-саймандар мен жабдықтар болғанда калибрлеуді жүргізуі мүмкін.

## **9. Қорытынды ережелер**

29. Жабдыққа қатысты кез келген іс-қимылдар, оның ішінде осы Регламентте көзделген іс-қимылдар Қазақстан Республикасының заңнамасына, тиісті жабдықты дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасына, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына, қолдануға жарамды өзге де талаптар мен стандарттарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ғылыми, оқу, технологиялық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу регламентіне  
1-қосымша

## Өтінім

Жабдықтың атауы:

Өндірушінің атауы:

Моделі:

Инвентарлық нөмірі:

Ағымдағы сәтте жабдық өндірушінің кепілдігінде тұр ма:

- Иә
- Жоқ

Активтің орналасуы: блок № \_\_\_\_\_, кабинет № \_\_\_\_\_

Пайдаланушының ТАӘ:

Пайдаланушының бөлімшесі:

Телефон (жұмыс):

Телефон (ұялы):

Жұмыс түрі:

- Диагностикалау
- Жөндеу
- Инсталляциялау/деинсталляциялау
- Калибрлеу
- Техникалық қызмет көрсету

Қосымша ақпарат:

---

---

\_\_\_\_\_ /  
лауазымы

\_\_\_\_\_ /  
қолы

\_\_\_\_\_ /  
қолды таратып жазу



«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ғылыми, оқу, технологиялық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу регламентіне  
2-қосымша

**ЖӨНДЕЛГЕН, РЕКОНСТРУКЦИЯЛАНҒАН (ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН) ЖАБДЫҚТЫ ҚАБЫЛДАУ-ТАПСЫРУ АКТІСІ № \_\_\_\_\_**

Жабдық орналасқан жер \_\_\_\_\_  
блок, қабат, кабинет

20\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ өтінім бойынша төменде көрсетілген жабдықты жөндеу процесінде келесі ақаулар жойылды:

Жабдықтың атауы	Моделі, дайындаушы-зауыт	Сериялық нөмірі немесе инвентарлық нөмірі	Күні		Қосымша ақпарат
			Жөндеуге әкелінді	Жөндеудің аяқталуы	
1	2	3	4	5	6



Анықталған ақауларды жою үшін мынадай шығыс материалдары пайдаланылды:

---

---

---

---

Жабдықтың жөндеуге дейінгі техникалық жай-күйі:

---

---

---

---

Жабдықтың жөндеуден кейінгі техникалық жай-күйі:

---

Жұмыс қабілетін сынау жүргізілді (жабдықтың зауыттық (талап етілетін) сипаттамаларға сәйкестігі): иә / жоқ

Жабдықты пайдалануға енгізуге бола ма: иә / жоқ

Жабдықтың корпусына ток келе ме: иә / жоқ

Жабдықтың корпусы жерге қосылған ба: иә / жоқ

Жөндеуден кейін жабдықты пайдалану бойынша қосымша ұсынымдар:

---

Оны жөндеуге, реконструкциялауға (жаңғыртуға) байланысты жабдықтың сипаттамаларындағы өзгерістер

---

---

Комиссияның қорытындысы

---

---

Комиссияның төрағасы \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
лауазымы қолы қолды таратып жазу

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
лауазымы қолы қолды таратып жазу

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
лауазымы қолы қолды таратып жазу

Жабдық:

Тапсырды \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ЖЫЛ  
лауазымы қолы қолды таратып жазу

Қабылдады \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ЖЫЛ  
лауазымы қолы қолды таратып жазу